«Фридом Финанс»
акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының
2022 ж. 09 қарашасындағы №22/02 шешімімен

«БЕКІТІЛГЕН»

# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Алматы, 2022 жыл

«УТВЕРЖДЕН»
решением внеочередного общего собрания акционеров
акционерного общества
«Фридом Финанс»

от 09 ноября 2022 года № 22/02

# УСТАВ Акционерного общества «Фридом Финанс»

Алматы, 2022 год

| 1. Жалпы ережелер | 1. Общие положения |
|---|---|
| 1.1 Осы Жарғы «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының (бұдан былай – «Қоғам») заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін, атауын, орналасқан жерін, Қоғам органдарының құрылу тәртібін және құзыретін, қайта құру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген және оған қарама-қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.<br>1.2. Қоғамның толық атауы:<br>1) мемлекеттік тілде:<br>**«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы;**<br>2) орыс тілінде:<br>**Акционерное общество «Фридом Финанс»;**<br>3) ағылшын тілінде:<br>**«Фридом Финанс» Joint Stock Company.**<br>1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:<br>1) мемлекеттік тілде: **«Фридом Финанс» АҚ**;<br>2) орыс тілінде: **АО «Фридом Финанс»;**<br>3) ағылшын тілінде: **«Фридом Финанс» JSC.**<br>1.4. Қоғамның атқару органының орналасу орны: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, 3а к.н. | 1.1 Настоящий Устав определяет правовой статус акционерного общества «Фридом Финанс» (далее – «Общество») как юридического лица, его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию органов Общества, условия реоганизации и прекращения его деятельности и другие положения, предусмотренные и не противоречащие законодательству Республики Казахстан.<br>1.2. Полное наименование Общества:<br>1) на государственном языке:<br>**«Фридом Финанс» Акционерлік қоғамы**;<br>2) на русском языке:<br>**Акционерное общество «Фридом Финанс»**;<br>3) на английском языке:<br>**«Фридом Финанс» Joint Stock Company.**<br>1.3. Сокращенное наименование Общества:<br>1) на государственном языке: **«Фридом Финанс» АҚ**;<br>2) на русском языке: **АО «Фридом Финанс»;**<br>3) на английском языке: **«Фридом Финанс» JSC.**<br>1.4. Место нахождения исполнительного органа Общества: 050040, Республика Казахстан, г. Алматы, Бостандыкский район, пр. Аль-Фараби, д.77/7, н.п. 3а. |
| **2. Қоғамның заңды мәртебесі**<br>2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансқа, банктерде шоттарға ие, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иелене және жүзеге асыра, міндеттерді атқара, сотта талапкер және жауап беруші бола алады.<br>2.2. Қоғам мөрге, өз атауы бар бланкілерге және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелерге ие.<br>2.3. Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (әрі қарай – АҚ туралы Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.<br>2.4. Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген тәртіпте, Қоғам өзінің орналасу орнынан тыс жерде орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және өздері туралы Ереженің негізінде әрекет ететін филиалдарды (өкілдіктерді) құруға құқылы. | **2. Юридический статус Общества**<br>2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.<br>2.2. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.<br>2.3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее – Закон об АО), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.<br>2.4. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие на основании Положения о них. |

### 3. Қоғам мен акционерлердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауап береді.

3.2. Қоғам акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген жағдайлардан басқа кезде, өздеріне тиесілі акциялардың құнының шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### 4. Қоғамның негізгі қызмет түрлері

4.1. Қоғам лицензия негізінде бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметіне;

2) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметіне;

3) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларына.

4.2. Қоғам (брокерлік және дилерлік қызметіне лицензиясы болған жағдайда) келесі қызметтерді көрсетуге құқылы:

1) андеррайтер ретінде немесе эмиссиялық консорциум құрамында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру;

2) қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қаржы құралдары бойынша баға белгілеуді жариялау және ұстау;

3) бағалы қағаздар нарығындағы қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық және ақпараттық қызметтер ұсынуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшылығы жоқ жағдайда басқада қызмет ету.

4.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген жағдайларды есептемегенде, қаржы нарығындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

### 3. Ответственность Общества и акционеров

3.1. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

3.2. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров.

Акционеры не отвечают по обязательствам Общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

3.3. Общество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Общества.

### 4. Основные виды деятельности Общества

4.1. Общество на основании лицензии вправе осуществлять следующие виды деятельности на рынке ценных бумаг:

1) на осуществление брокерской и дилерской деятельности с правом ведения счетов клиентов в качестве номинального держателя;

2) на осуществление деятельности по управлению инвестиционным портфелем без права привлечения добровольных пенсионных взносов;

3) на проведение обменных операций с иностранной валютой, за исключением обменных операций с наличной иностранной валютой.

4.2. Общество (при наличии у него лицензии на осуществление брокерской и дилерской деятельности) вправе оказывать услуги по:

1) выпуску и размещению эмиссионных ценных бумаг в качестве андеррайтера или в составе эмиссионного консорциума;

2) объявлению и поддержанию котировок по финансовому инструменту в соответствии с внутренними документами фондовой биржи;

3) предоставлению консультационных и информационных услуг по вопросам, связанным с деятельностью на рынке ценных бумаг;

4) иные услуги, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

4.3. Общество не вправе осуществлять предпринимательскую деятельность, не относящуюся к деятельности на финансовом рынке, за исключением случаев, установленных законодательными актами Республики Казахстан.

| | |
|---|---|
| **5. Қоғамның мүлкі және капиталы**<br>5.1. Қоғамның мүлкі келесілердің есебінен қалыптасады:<br>1) акционерлердің Қоғамның акцияларын төлеуге берген мүлкінен;<br>2) қызметінің нәтижесінде алынған табыстардан;<br>3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша иеленген басқа да мүліктерден.<br>5.2. Жарғылық капитал Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртібі бойынша қалыптастырылады.<br>Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың номиналды құны бойынша және инвесторлардың АҚ туралы Заңымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын баға бойынша төлеуі арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.<br>5.3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту жарияланған акцияларды орналастыру арқылы жүзеге асырылады. | **5. Имущество и капитал Общества**<br>5.1. Имущество Общества формируется за счет:<br>1) имущества, переданного акционерами в оплату акций Общества;<br>2) доходов, полученных в результате его деятельности;<br>3) иного имущества, приобретаемого по основаниям, не запрещенным законодательством Республики Казахстан.<br>5.2. Формирование уставного капитала осуществляется в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.<br>Уставный капитал Общества формируется посредством оплаты акций учредителями (единственным учредителем) по их номинальной стоимости и инвесторами по ценам размещения, определяемым в соответствии с требованиями, установленными Законом об АО, и выражается в национальной валюте Республики Казахстан.<br>5.3. Увеличение уставного капитала Общества осуществляется посредством размещения объявленных акций Общества. |
| **6. Қоғам акциялары мен басқа бағалы қағаздары**<br>6.1. Қоғам жай акцияларды не жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы.<br>Қоғам шығарудың шарты мен тәртібі, орналастырылуы, айналуы және өтелуі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңымен белгіленетін басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.<br>6.2. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқығы бар.<br>6.3. Қоғам Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастауды жүзеге асыруға құқылы.<br>6.4. Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде оның акцияларын орналастыру туралы шешімді қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды. | **6. Акции и другие ценные бумаги Общества**<br>6.1. Общество вправе выпускать простые акции либо простые и привилегированные акции.<br>Общество вправе выпускать другие ценные бумаги, условия и порядок выпуска, размещения, обращения и погашения которых устанавливаются законодательством Республики Казахстан о рынке ценных бумаг.<br>6.2. Общество имеет право выпускать конвертируемые ценные бумаги.<br>6.3. Общество вправе осуществить обмен размещенных акций Общества одного вида на акции Общества другого вида.<br>6.4. Решение о размещении акций в пределах количества его объявленных акций принимается советом директоров Общества. |
| **7. Қоғамның акционерлерінің құқықтары**<br>7.1. Қоғамның акционері құқылы:<br>1) АҚ туралы Заңымен және осы Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;<br>2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, АҚ туралы Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;<br>3) дивидендтер алуға;<br>4) келесі ақпаратты қоспағанда, Қоғамның | **7. Права акционеров Общества**<br>7.1. Акционер Общества имеет право:<br>1) участвовать в управлении Обществом в порядке, предусмотренном Законом об АО и настоящим Уставом;<br>2) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества предлагать совету директоров включить дополнительные вопросы в повестку дня общего собрания акционеров в соответствии с Законом об АО;<br>3) получать дивиденды;<br>4) получать информацию о деятельности |

| | |
|---|---|
| қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға: | Общества, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью Общества, в порядке, определенном общим собранием акционеров или настоящим Уставом, за исключением информации: |
| талап қойылған күнге депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілік; | опубликованной на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности на дату предъявления требования; |
| соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылатын (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда); | запрашиваемой повторно в течение последних трех лет (при условии, что ранее запрашиваемая акционером информация была предоставлена в полном объеме); |
| акционер өтініш берген күнге орындалуы жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (акционер өтініш берген күнге дейін үш жылдан астам) қатысты; | относящейся к прошлым периодам деятельности общества (более трех лет до даты обращения акционера), за исключением информации о сделках, исполнение по которым осуществляется на дату обращения акционера; |
| 5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға; | 5) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги; |
| 6) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға; | 6) предлагать общему собранию акционеров Общества кандидатуры для избрания в совет директоров Общества; |
| 7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға; | 7) оспаривать в судебном порядке принятые органами Общества решения; |
| 8) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, АҚ туралы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге; | 8) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных статьями 63 и 74 Закона об АО, с требованием о возмещении Обществу должностными лицами Общества убытков, причиненных Обществу, и возврате Обществу должностными лицами Общества и (или) их аффилированными лицами прибыли (дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность; |
| 9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға; | 9) обращаться в Общество с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение тридцати календарных дней с даты поступления запроса в Общество; |
| 10) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне; | 10) на часть имущества при ликвидации Общества; |
| 11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы Заңында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға; | 11) преимущественной покупки акций или других ценных бумаг Общества, конвертируемых в его акции, в порядке, установленном Законом об АО, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан; |
| 12) акционерлердің жалпы жиналысының АҚ туралы Заңында көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы. | 12) участвовать в принятии общим собранием акционеров решения об изменении количества акций Общества или изменении их вида в порядке, предусмотренном Законом об АО. |
| Осы Жарғының 7.1. тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарды жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға | |

| | |
|---|---|
| орындауға міндетті.<br><br>Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленетін акционерлер бір мезгілде келесідей шарттар бар болған жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:<br>Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органының осы мүшесі немесе оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғамның акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін соттың анықтауы;<br>егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамның шығындарының туындауына алып келіп соқтырғаны дәлелденсе.<br>7.2. Ірі акционер сонымен бірге құқылы:<br>1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;<br>2) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;<br>3) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.<br>7.3. Акционерлердің осы Жарғының 7.1. және 7.2. тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.<br>7.4. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда Қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және қоғам таратылған кезде АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.<br>7.5. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:<br>1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі.<br>Олар бойынша шешімдер қабылдау артықшылықты акцияларды иеленуші | Выполнение требования, предусмотренного подпунктом 2) пункта 7.1. настоящего Устава, обязательно для органа или лиц, созывающих общее собрание.<br>Акционеры, владеющие самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества, вправе получить информацию о размере вознаграждения по итогам года отдельного члена совета директоров и (или) исполнительного органа Общества при одновременном наличии следующих условий:<br>установление судом факта умышленного введения в заблуждение акционеров Общества данным членом совета директоров и (или) исполнительного органа Общества с целью получения им (ими) либо его аффилированными лицами прибыли (дохода);<br>если будет доказано, что недобросовестные действия и (или) бездействие данного члена совета директоров и (или) исполнительного органа Общества повлекли возникновение убытков общества.<br>7.2. Крупный акционер также имеет право:<br>1) требовать созыва внеочередного общего собрания акционеров или обращаться в суд с иском о его созыве в случае отказа совета директоров в созыве общего собрания акционеров;<br>2) требовать созыва заседания совета директоров;<br>3) требовать проведения аудиторской организацией аудита Общества за свой счет.<br>7.3. Не допускаются ограничения прав акционеров, установленных пунктами 7.1. и 7.2. Устава.<br>7.4. Акционеры - собственники привилегированных акций имеют преимущественное право перед акционерами - собственниками простых акций на получение дивидендов в заранее определенном гарантированном размере, установленном настоящим Уставом, и на часть имущества при ликвидации Общества в порядке, установленном Законом об АО.<br>7.5. Привилегированная акция предоставляет акционеру право на участие в управлении Обществом, если:<br>1) общее собрание акционеров Общества рассматривает вопрос, решение по которому может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями. Решение по такому вопросу считается принятым только при условии, что за ограничение проголосовали не менее чем две трети от общего количества размещенных (за вычетом выкупленных) привилегированных акций.<br>К вопросам принятие решения по которым |

| | |
|---|---|
| акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге:<br>артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;<br>артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;<br>артықшылықты акцияларды қоғамның жай акцияларына айырбастау;<br>артықшылықты акцияларды бөлшектеу туралы мәселелер жатады.<br>2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған рынокта АҚ туралы Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер құрылтай жиналысы әдістемені бекітпесе, оны бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды;<br>3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;<br>4) АҚ туралы Заңының 22-бабының 5-тармағындағы негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді.<br>Осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген жағдайда акционердің - артықшылықты акциялардың меншік иесінің Қоғамды басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд толық мөлшерде төленген күннен бастап тоқтатылады.<br><br>**8. Қоғам акционерлерінің міндеттері**<br>8.1. Қоғамның акционері міндетті:<br>1) акцияларды төлеуге;<br>2) он жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийді және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;<br>3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;<br>4) АҚ туралы Заңына және Қазақстан Республикасының басқа заң актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындауға.<br>8.2. Қоғам, Орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы Жарғының 8.1-тармақтың 2) тармақшасында белгіленген талаптарды акционердің орындамауының салдарлары үшін жауапкершілікті атқармайды. | может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями, относятся вопросы о (об):<br>уменьшении размера либо изменении порядка расчета размера дивидендов, выплачиваемых по привилегированным акциям;<br>изменении порядка выплаты дивидендов по привилегированным акциям;<br>обмене привилегированных акций на простые акции общества;<br>дроблении привилегированных акций.<br>2) общее собрание акционеров Общества рассматривает вопрос об утверждении изменений в методику определения стоимости привилегированных акций при их выкупе обществом на неорганизованном рынке в соответствии с Законом об АО;<br>3) общее собрание акционеров Общества рассматривает вопрос о реорганизации либо ликвидации Общества;<br>4) дивиденд по привилегированной акции не выплачен в полном размере в течение трех месяцев со дня истечения срока, установленного для его выплаты, за исключением случаев, когда дивиденд не начислен по основаниям пункта 5 статьи 22 Закона об АО.<br>В случае, предусмотренном подпунктом 3) настоящего пункта, право акционера — собственника привилегированных акций на участие в управлении Обществом прекращается со дня выплаты в полном размере дивиденда по принадлежащим ему привилегированным акциям.<br><br>**8. Обязанности акционеров Общества**<br>8.1. Акционер Общества обязан:<br>1) оплатить акции;<br>2) в течение десяти рабочих дней извещать центральный депозитарий и (или) номинального держателя акций, принадлежащих данному акционеру, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Общества;<br>3) не разглашать информацию об Обществе или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;<br>4) исполнять иные обязанности в соответствии с Законом об АО и иными законодательными актами Республики Казахстан.<br>8.2. Общество, центральный депозитарий и (или) номинальный держатель не несут ответственности за последствия неисполнения акционером требования, установленного подпунктом 2) пункта 8.1. Устава. |

**9. Таза табысты бөлу. Акциялар бойынша дивидендтер**

9.1. Қоғамның таза табысы Қоғамның иелігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған тәртіпте, оның ішінде дивидендтерді төлеуге, Қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға бағытталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жылдың қорытындысы бойынша жай акцияларға дивидендтерді төлемеу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

9.2.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімде АҚ туралы Заңымен көзделген мәліметтер болуға тиіс.

Дивидендтерді төлеу акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

Қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылуға тиіс.

9.3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) жеке капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе егер, оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеудің нәтижесінде Қоғамның жеке капиталының мөлшері теріс болатын болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем төлеуге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап беретін болса, не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеудің нәтижесінде пайда болса.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда.

9.4. Акционер, осы Жарғының 9.3. тармағындағы негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін

**9. Распределение чистого дохода. Дивиденды по акциям**

9.1. Чистый доход Общества остается в распоряжении Общества и распределяется в порядке, определенном решением общего собрания акционеров, в том числе на выплату дивидендов, на развитие Общества или иные цели, предусмотренные решением общего собрания акционеров.

Общее собрание акционеров Общества вправе принять решение о невыплате дивидендов по простым акциям Общества по итогам года.

9.2.

Решение о выплате дивидендов по простым акциям Общества должно содержать сведения, предусмотренные Законом об АО.

Выплата дивидендов должна быть осуществлена не позднее девяноста календарных дней с даты, следующей за датой принятия общим собранием акционеров решения о выплате дивидендов по простым акциям Общества.

В случае отсутствия сведений об актуальных реквизитах акционера у Общества или в системе реестров держателей ценных бумаг, или системе учета номинального держания выплата дивидендов по простым акциям общества должна быть осуществлена в порядке и сроки, определенные нормативным правовым актом уполномоченного органа, на счет, открытый в центральном депозитарии для учета невостребованных денег.

9.3. Не допускается начисление дивидендов по акциям Общества:

1) при отрицательном размере собственного капитала или если, размер собственного капитала Общества станет отрицательным в результате выплаты дивидендов по его акциям;

2) если оно отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве, либо указанные признаки появятся у Общества в результате начисления дивидендов по его акциям.

3) в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

9.4. Акционер вправе требовать выплаты неполученных дивидендов независимо от срока образования задолженности Общества, за исключением случаев, когда дивиденд не начислен по основаниям пункта 9.3. настоящего Устава.

В случае невыплаты дивидендов в срок, установленный для их выплаты, акционеру выплачиваются основная сумма дивидендов и

| | |
|---|---|
| белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне уәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.<br>9.5. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер жылдың қорытындысы бойынша, немене Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша әр тоқсан немесе жарты жыл қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. | пеня, исчисляемая исходя из официальной ставки рефинансирования уполномоченного органа на день исполнения денежного обязательства или его соответствующей части.<br>9.5. Выплата дивидендов по акциям Общества осуществляется по итогам года, либо по решению Общего собрания акционеров Общества по итогам каждого квартала или полугодия. |
| **10. Қоғамның органдары**<br>10.1. Қоғамның органдары:<br>1) жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;<br>2) басқару органы – директорлар кеңесі;<br>3) атқарушы орган - басқарма (алқалы орган);<br>4) бақылаушы орган - ішкі аудит қызметі.<br>10.2. Қоғамның қалауы бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына байланысты Қоғамда басқа да органдар құрылуы мүмкін, олардың құрылу тәртібі және құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады. | **10. Органы Общества**<br>10.1. Органами Общества являются:<br>1) высший орган - общее собрание акционеров;<br>2) орган управления - совет директоров;<br>3) исполнительный орган - правление (коллегиальный орган);<br>4) контрольный орган - служба внутреннего аудита.<br>10.2. По усмотрению Общества либо в силу требований законодательства Республики Казахстан в Обществе могут быть созданы и другие органы, порядок образования и компетенция которых регламентируется законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Общества. |
| **11. Акционерлердің жалпы жиналысы**<br>11.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.<br>Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.<br>11.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында міндетті түрде қарастырылуға жататын сұрақтардың тізімі АҚ туралы Заңмен белгіленген.<br><u>11.3. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:</u><br>1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;<br>2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;<br>3) басым сатып алу құқығын қолданусыз, Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;<br>4) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;<br>5) Қоғамның жарияланған акцияларының | **11. Общее собрание акционеров**<br>11.1. Общие собрания акционеров подразделяются на годовые и внеочередные.<br>Общество обязано ежегодно проводить годовое общее собрание акционеров. Иные общие собрания акционеров являются внеочередными.<br>11.2. Перечень вопросов, в обязательном порядке рассматриваемых на ежегодном общем собрании акционеров, установлен Законом об АО.<br>11.3. <u>К исключительной компетенции общего собрания акционеров относятся следующие вопросы</u>:<br>1) внесение изменений и дополнений в устав Общества или утверждение его в новой редакции;<br>2) утверждение кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него;<br>3) определение порядка, предельных сроков и общего количества размещаемых (реализуемых) акций Общества или других ценных бумаг, конвертируемых в простые акции Общества, без применения права преимущественной покупки;<br>4) добровольная реорганизация или ликвидация Общества; |

| | |
|---|---|
| санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау; | 5) принятие решения об увеличении количества объявленных акций Общества или изменении вида неразмещенных объявленных акций Общества; |
| 6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау; | 6) определение условий и порядка конвертирования ценных бумаг Общества, а также их изменение; |
| 7) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау; | 7) принятие решения о выпуске ценных бумаг, конвертируемых в простые акции Общества; |
| 8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау; | 8) принятие решения об обмене размещенных акций одного вида на акции другого вида, определение условий и порядка такого обмена; |
| 9) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеудің шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау; | 9) принятие решения о дроблении акций, определение условий, сроков и порядка такого дробления; |
| 10) мемлекеттік емес облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау; | 10) принятие решения о выпуске негосударственных облигаций без срока погашения и определение условий их выпуска; |
| 11) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; | 11) определение количественного состава и срока полномочий счетной комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий; |
| 12) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау; | 12) определение количественного состава, срока полномочий совета директоров, избрание (переизбрание) его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам совета директоров за исполнение ими своих обязанностей; |
| 13) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу; | 13) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества; |
| 14) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту; | 14) утверждение аудированной годовой финансовой отчетности; |
